

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 ақпандағы N 533 Жарлығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 29 қыркүйектегі N 662 Жарлығы "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-1-бабы 2 тармағының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штат саны мен құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 ақпандағы N 533 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., N 5, 52-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымындағы:

"Мемлекеттік бақылау және ұйымдастыру-кадр жұмысы бөлімі" жолындағы "ұйымдастыру-кадр" сөздері "аумақтық-ұйымдастыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығы
Кадр саясаты бөлімі".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Президенті Н. Назарбаев*